



19-дәріс



ҚАЗАҚСТАННЫҢ
АШЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

ЭТИКА: ТЕОРИЯСЫ МЕН ҚАЗІРГІ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Жойылуға жақын тұрған түрлер






Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жойылуға жақын тұрған түрлер

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Жойылуға жақын тұрған жануарларға қатысты моральдық-этикалық көзқарас

Жойылып кетуге шақ тұрған түрлерді халықаралық алып-сату туралы Біріккен Ұлттар Ұйымы конвенциясы сияқты Чилидегі Сантьягода 2002 жылдың қарашасында болған сияқты халықаралық конференциялар өткізіледі. Сантьягода ортаға салынған сұрақтардың арасында біз кейбір Африкалық елдерде пілдер заңмен қорғалатын түрге айналмай тұрғандықтан, осы соңғы 10 жылдық бұрын осы Африкалықтардың жинап тастаған піл сүйегін сатуға тиіс пе деген сұрақ та болды. Америка Құрама Штаттары піл сүйегін импорттауға тыйым салды.



Африка пілдері (лат. *Loxodonta*) – пілтұмсықтылар отрядының африкалық сүтқоректілер тұқымы. Болжам бойынша, қазіргі екі түрді қамтиды: саванна пілі (*Loxodonta africana*) және орман пілі (*Loxodonta cyclotis*). Африка пілдерінің ядролық ДНҚ қатысты соңғы зерттеулер осы екі тұқымдастардың 1,9 және 6 миллион жыл бұрын пайда болғанын болжау мүмкіндігіне жол ашып отыр. Осы уақытқа дейін бұлар бір түрдің тармақтары саналған. Соңғы деректер бойынша, жабайы табиғатта 500-600-ге жуық қана Африка пілдері қалған, олардың төрттен бірі – орман пілдері.

Бұл мысалы 1989 жылы Африкалық пілдерді қорғау туралы заңды қамтиды. Алайда заңсыз аң аулау мен браконьерлікпен келіп жатса да, піл сүйегі әлемнің түрлі бөліктерінде сұранысқа ие болып отыр. 2016 жылғы есепке сай, Африкадағы пілдер популяциясы күрт азайып кеткен. Осыдан 40 жыл бұрын жабайы табиғатта миллионға жуық піл болған болса, осыдан I ғасыр бұрын пілдердің саны 5 миллионнан асып жығылатын. Ал қазір Африкада, бар болғаны, 100 мың ғана орман пілдері мен 400 мыңнан аз саванна пілдері ғана қалды. Америка Құрама Штаттарында осы Африкалық пілдерді жоғалып кетуге шақ қалған түрлерге жіктеуді қолдайтын қозғалыс бар. Оның ықпалымен бұл жануарларды қорғау шаралары күшейе түсті. Осындай қоғамдық даудың нәтижесінде Американың 2 ірі циркі 2016 жылдың мамырынан былай қарай пілдерді зейнетке жіберетінін жария етті. Сыншылардың айтуынша бұл цирктегі пілдер басқа жануарлар сияқты азаптау, зорлау әдістерінің көмегімен өнер көрсетіп жүрген көрінеді. Оларды осы өнерді үйрету үшін түрлі токпен ұру құралдары, түрлі металл шыбықтары сияқты нарселермен үйлетіледі екен. Цирктің жаттықтырушылары, әрине, мұндай айыптауларды теріске шығарып жатыр. Алайда цирктік пілдер, соның ішінде жоғалуға шақ қалып отырған Азиялық пілдер, расында да, дүние жүзінде жабайы табиғатта жоқ болып кетуге сәл-ақ қана қалып отыр. Осы пілдердің өмірлері, жалпы, салыстырмалы түрде ұзаққа созылады, яғни жобамен орта есеппен 65 жасқа дейін, олар әлеуметтік топтарда, отбасыларда өмір сүреді.



Жануарларды цирктерде жәбірлеп, өнер көрсетуге қарсы ұйымдардың бірінің ұран-белгісі. Әлемдегі ең ірі цирктер жануарларды пайдаланудан бірте-бірте бас тартып келеді. Кей цирктер жабайы жануарлардың орнына өз көрермендеріне голограмма түріндегі жануарларды тамашалауды ұсынады.

Сыншылардың айтуынша, жануарларды осындай цирктерде өнер көрсетуге мәжбүрлеу олардың ішкі құндылығына нұқсан келтіреді және, жалпы, осы түрді қорғау идеясына теріс әсерін тигізеді. Осыған жауап ретінде цирк өкілдері осындай пілдерді зейнетке шығару шарасы оларға деген көмек көрсетудің, оларды сақтауға деген өздерінің қосқан үлесі деп санады. Олар бұл шараны қабылдау үшін Флоридада арнайы бір аймақты бөліп, ол жерде пілдердің емін-еркін өмір сүруіне және көбейуіне жағдай жасады.

Жоғалып бара жатқан жануар түрлерін қорғау

Құрама Штаттарында жабайы аңдарды қорғауға байланысты сан түрлі заңдар мен құжаттар бар. Мысалы, 1972 жылы теңіз сүтқоректілерін қорғау туралы заң осындай жануарларды қабылдауға және импорт жасауға олардан алынатын тауарларды тұтынуға біршама шектеулер қойып тастады. Ішкі істер министрлігі осындай жануарларға жататын теңіз кәмшаттары, морждар, ит балықтар және ақ аюлар, ламантиндер сияқты жан-жануарлардың азапталуына қарсы шығып, олардың өлтірілмеуіне бар жағдайды



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жойылуға жақын тұрған түрлер

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

жасады. Заң 1973 жылы қабылданған жоғалып бара жатқан жануарлар түрлерін қорғауға байланысты құжатта мұндай жануарларға төніп тұрған қауіп-қатерлерді барынша азайтуды, оларға байланысты саудасаттық, оларға байланысты азаптау шараларының барынша азайуына көптеген шектеу қойды. Біз көріп отырғанымыздай, жалпы, мұндай шаралардың кейде өте табысты болатынына көз жеткізіп отырмыз. Біз бұл жайында өткен дәрістерімізде келтірілген бір мысал айтқан болатынбыз, бұл мысал сұр қасқырларға байланысты еді. Ал енді құрама штаттарында барлық осындай қабылданған шаралардың барлығы қаншалықты тиімді екендігі әлде де белгісіз болып отыр. Ал, өкінішке орай, кейбір жануарлардың түрлері үшін осы сұр қасқырлар сияқты жақсы жетістік болған жоқ. Құрама штаттарындағы 2016 жылғы наурыздағы жағдайға сай, 687 жануарлардың түрі жоғалып бара жатуға шақ қалған тізімге кірді. Олар 98 түрлі сүтқоректілерді, оның ішінде аюларды, түлкілерді, ламантиндерді, отцелоттарды, кәмшаттарды, пантераларды, егеуқұйрықтарды және киттерді қамтиды.

Жануарлардың жойылып кеткен түрлері жайлы Қара кітапқа енген Камерундық кара мүйізтұмсық. Ал бұл жануарлардың өмір сүретін мекеніндегі жердің түсі кара. Оның терісі сұр түсті болған. Сол себепті балшыққа аунағанды жақсы көретін Африка фаунасының осы бір өкілі кара түсті болып көрінген. Сонымен қатар, ақ мүйізтұмсықтар да бар. Олар аман қалды, себебі өздерінің жойылып кеткен туыстарына қарағанда біршама агрессивті. Соңғы Камерундық кара мүйізтұмсық 2013 жылы мерт болды.



Табиғатты қорғаудың халықаралық одағы жыл сайын осындай жоғалуға шақ тұрған жануарлардың Қызыл кітабін шығарып отыр. Бұл Қызыл кітапқа бүкіл дүние жүзіндегі жоғалуға шақ қалып отырған аңдар кіреді. 2014 жылдағы жағдайға байланысты мұндай аңдардың тізімі 73600 түрге дейін көбейді. Бұл кітапқа сенетін болсақ амфибиялардың 41%, құстардың 13%, сүтқоректілердің 25% және басқа бір түрлердің де осыншалық үлкен үлестері жоғалуға шақ отырған сияқты. Өкінішке орай, кейбір жануарлардың түрі сонын ішінде сумантрандық мүйізтұмсық мүлдем жоғалып кетудің қауіпті шегінде тұр. Олардың ішінде 100 данадан да аз қалған жануарлар түрлері бар. Бір жағынан, кейбір жақсы жаңалықтар да жоқ емес, көптеген шарлардың нәтижесінде Шығыс Африкасындағы тау гориллаларына байланысты жақсы жаңалықтар бар.

Танымал приматолог Диана Фосси 1967 жылы Руандаға келген кезде жабайы табиғатта бар болғаны 240 ғана горилла қалған екен. Қазіргі таңда жануарлардың бұл түрі 880-ге дейін жетті, бірақ, әрине, әлде де бұл көп сан емес.

Диана немесе Дайан Фосси (1932-1985 жж.) – америкалық приматолог, этолог және жабайы табиғатты қорғаушы. Ол Вирунга ұлттық паркінің аумағында браконьерлікпен күрескен өте батыл әйел болған. Диана Фосси тау гориллаларымен 18 жыл бірге өмір сүрді, ол осы ақылды, күлкілі, күшті және болжауға келмейтін жануарлардың басты жауы – адам екенін жақсы түсінді. 1980 жылы жер бетінде бар болғаны 250 тау гориллалары ғана қалған болатын, сол себепті өмірінің соңғы сәтіне дейін браконьерлермен күресіп өтті.



1970 жылдың қаңтарында Диана Фоссидің суреті танымал National Geographic журналының бетіне жарияланды, бұл оны өте танымал етті. 1980 жылы Фосси Кембридж университетінің докторлық дәрежесіне иемденіп, тау гориллаларының физиологиясы мен мінез-құлқы бойынша әлемдегі жетекші маман атағын алды.

Диана Фосси Карисок зерттеу орталығының маңындағы өз бунгалосында өзінің мачетесімен (қамыс шабуға арналған пышағымен) өлтірілді. Бұл қайғылы оқиға 1985 жылы 26 желтоқсанда Руандада орын алды. Ғалымды кім өлтіргені сол бойы белгісіз болып қалды. Диана Фосси өзінің бунгалосының артындағы аулада өлтірілген гориллалардың жанында жерленді. Оның қабір басындағы таста оның руандалық есімі Нуармачабеле («Тауда жалғыз тұратын әйел») және «Гориллаларды сенен артық жақсы көрген жан болған емес. Қымбатты досым, өзің перзенті болған осы киелі жерде, өз үйінде мәңгі қорғалып, жаның жай тапсын!» делінген жазу бар.

Дегенмен, адам баласы сәл ғана күш салатын болса, жануарлардың біраз түрін аман алып қалудың дәлелі. Ол үшін көптеген шаралар, соның ішінде браконьерлік аң аулауға тиісті түрлі тыйымдар қабылдануы тиіс, түрлі қорықтар мен ұлттық парктер сияқты жануарлар арнайы қорғалатын аймақта бұл жануарларды



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жойылуға жақын тұрған түрлер

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

аман алып қалу мүмкіндігі күрт өседі. Осы жануарлардың мекен ету аймақтарындағы түрлі адамның іс әрекеттеріне байланысты инфраструктураның бұзылуы бұл жануарлардың өмір сүру ортасын өзгертіп, олардың популяциясының күрт төмендеп кетуіне алып келеді. Осындай шапшаң өзгерістер олардың бұл қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделіп кету мүмкіндігінен айырып отыр.

Жануарларды аман алып қалу жолдары және себептері

Жануарлардың көп түрлері ағаштардың шабылуы, өзен үстіндегі платиналардың, яғни бөгеттердің салынуы, пайдалы қазбаны өндіру нәтижесіндегі түрлі өзгерістердегі, мұнайды алу үшін бұрғылау сияқты шаршалардың нәтижесінде, түрлі құбырларды салу нәтижесінде өздерінің өмір сүретін ортасы өзгеріп, көптеген қиындықтарға тап болып отыр. Мұндай түрлерді жоғалтып алудың тағы бір себебі - адамдардың олардың өмір сүріп отырған ортасына бұл экожүйеге жаппайтын жануарлардың түрлерін енгізіп жіберуі де де бар. Мұндай жануарларды тым қатты адам мүддесіне пайдалану олардың жоқ болып кетуіне алып келеді. Мысалы, көптеген акулалардың түрі азиялық сирек кездесетін тағам ретінде қолдану үшін балық аулаушылар осы акулаларды аулап, оның тек кейбір ғана дене бөлшектерін жеу нәтижесінде күрт саны азайып кетті. Комерциялық балық аулау индустриясы осындай тамаққа қолданылмайтын балықтарды аулауға тыйым салынғанымен, жаппай балық аулайтын ауларға көбінесе мақсатқа сай емес, жоспарланбаған жануарлардың түсіп қалуына алып келіп отыр. Мұндай жануарларға киттерді, дельфиндерді, итбалықтарды және тағы басқа балық шарушалығының өкілдерін жатқызуға болады. Қазіргі комерциялық балық аулау операциялары тым көп шығындалып келіп отыр, бәлкім, оларды аулаудың жаңа құралдарын ойлап табу керек шығар деген ұсынысты сыншылар қазір көптеп келтіруде. Теңіз сүтқоректілері осындай ауларға түсіп қалғаннан кейін судың астынан шыға алмай, олар ара-арасында судың бетіне шығып, демалып тұру керек болғандықтан, ауға оралып қалып, шыға алмай мерт болып жатады. Ұлттық қоғамдық радио есебіне сай, 2014 жылғы комерциялық балық аулау операцияларының нәтижесінде жыл сайын 650 000 теңіз сүтқоректілері, соның ішінде 300 000 дельфиндер, киттер және 350 000-нан астам итбалықтар, теңіз арыстандары мерт болады екен. Осындай қателіктің нәтижесінде балық аулаушылардың ауларына осы арнайы салынған балықтардан бөлек, сан түрлі жануарлардың түсу нәтижесінде теңіз фаунасының күрт төмендеп кетуі нәтиже болып отыр. Кейбір сыншылардың айтуы бойынша, көп жануарлар табиғи жолмен жоқ болып кетуі мүмкін. Эволюция нәтижесі бойынша, біз көптеген жануарлардың өздігінен-ақ жоғалып кетуін көріп отырмыз. Дегенмен, адамның арласуының нәтижесінде экожүйелердегі өзгерістердің салдарынан көптеген жануарлардың жоғалып кету қарқындылығы күнен күнге артып отыр. Алайда, экожүйеге адамның қарқынды арласуының нәтижесінде көптеген жануарлардың жоғалып кетуі жылдан жылға көбейіп отыр. Кейбір адамдарды жаһандық экожүйенің мәселелері алаңдатуы мүмкін, яғни, бұл экожүйенің мәселелері биоалуандылықтың және ондағы сан түрлі жануарлардың өздерін өздері аман алып қалуға шамасы келмей жатқанын көреміз. Бұл жерде бұл жануарлардың ішкі құндылығы мәселесі пайда болады, яғни, бұл жануарлар жалпы экожүйедегі ғана рөліне байланысты құнды ма, әлде өздігінен биоалуандылықтың жеке бір құрамдасы ретінде құнды ма? деген философиялық-этикалық мәселе көтеріледі. Осыған байланысты кейбір адамдардың пікірінше, жекелей бір жан-жануарлар өздерінің жеке құқықтарына немесе өздерінің белгілі моральдік мәртебесіне ие ме деген сұрақ көтеріледі. Біз кейбір жан-жануарларды олардың осы эко жүйенің мүшелері болғандықтан ғана қорғауымыз керек пе, әлде оларды жекелей жан-жануарлар ретінде қабылдаудың нәтижесінде қорғауымыз керек пе деген пікірталастар туындайды. Осындай себептерге тек қана эоцентристік қана емес антропоцентристік себептерге байланысты да көзқарастарды өрбітуге болады. Егерде антропоцентристік көзқарас тұрғысынан қарайтын болсақ, мұндай жан-жануарлар мен өсімдіктердің адам үшін эстетикалық немесе түрлі утилитарлы пайдасының нәтижесінде біз оларды аман алып қалуымыз тиіс, ал егер де біз экожүйенің құндылығы ретінде бұл жануарлар мен өсімдіктерге басқаша құндылық мәртебе беретін болсақ, олар онда өздігінен, өзінің ішкі құндылығына байланысты аман алып қалу құқығына ие болады. Егер де антропоцентристік көзқарас тұрғысынан алатын болсақ, кей жануарлар адам үшін бірінші кезекті құндылыққа ал кейбір жануарлар екінші тіпті үшінші төртінші кезекті құндылыққа ие болуы мүмкін. Кейбір түрлердің жоғалуы бізді генетикалық тұрғыда кедей етеді. Кейбір жан-жануарлардың жоқ болып кетуі бізге өзіміз жайлы, өз тарихымыз жайлы және табиғи жүйедегі орнымыз жайлы көп ақпараттан қалыс қалып отыруымызға алып келеді. Кейбір түрлердің жоғалып кетуі біздің тарихымыздағы, яғни адамның әлі тілін білмейтін тарих кітаптарының кейбір беттерін жұлынып алып тасталуымен салыстыруға болатын нәрсе. Бұл жайлы эколог Холмс Ролстон мысал келтіреді.




Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жойылуға жақын тұрған түрлер

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

Холмс Ролстон (19 қараша 1932ж.) - философ, Колорадо штаты Университетіндегі еңбегі сіңген философия профессоры.



Мысалы, тышқан лемурын жоғалтатын болсақ, біз қазіргі жан-жануарлардың, оның ішінде приматтарға ең жақын жануарлар түрін жоғалып кетуін байқамай қалуымыз мүмкін, ал біз оларды жеткілікті түрде зерттеп үлгерген жоқпыз дейді бұл эколог. Жалпы, біз кейбір жан-жануарлардың моральдік мәртебесі, ішкі құндылығы қандай деген сұрақты қойған кезде оларға жеке құқық беру мәселесін көтереміз. Біз олардың болмысына байланысты тылсым сұрақтарға тап боламыз. Жан-жануар дегеніміз, бұл, әрине, жеке тұлға емес. Бұл жалпы түрлі мүдделер мен қалаулардың жиынтығы емес болуы мүмкін өзінің бір моральдік мәртебесіне немесе моральдік бір жағдайына мүмкіндік беретін түрлі құқықтардың немесе көзқарастардың жиынтығын бізге бере алмайды. Яғни, философ Николос Решердің пікірінше, мұндағы моральдік парыз мәселесі әрдайым тек қана адамның мүдделеріне байланысты туындауы мүмкін, яғни мұндағы жануарлар әлеміндегі жеке бір индивидтердің құндылығын адами құндылық тұрғысынан ғана бағалап, оларға түрлі мәртебе бере аламыз деген сөз.

Николас Решер (15 шілде 1928ж.) – америкалық логик, философ-аналитик. «American Philosophical Quarterly» журналының редакторы.



Егер де біз өзіміздің түрлі жануарлар топтарына деген көзқарасымызға және олардың алдындағы міндеттерімізге келетін болсақ, біз бір түрдің топ па, әлде бұл түрдің жеке-жеке ағзалары өздігінен ішкі құндылыққа ие ме деген сұраққа тап боламыз. Яғни бұл бізді осы топтың жеке құқығы бар ма, әлде әрбір мүшесінің жеке құқығы одан басым ба деген сұраққа алып келеді. Кейбір адамдар жалпы түр деген түсініктің өзіне қарсылық танытады, яғни олар біз әр жануарды аман алып қалуға тырысқан кезде біз оған түр ретінде емес жеке-жеке әр жануардың моральдік мәртебесіне қарай әрекет етуіміз керек дейді. Мысалы, егер де біз түр деген сөзді айтқан кезде нені меңзیمіз? Бұл бір адамдардың ойлап тапқан түрлі топтарды өзімізге түсінуге ыңғайлы етіп жіктеудің нәтижесінде пайда болған термин бе? Чарльз Дарвин былай деп жазды: «Мен жалпы түр терминін өзімнің ыңғайыма, яғни жеке дара ағзаларды жіктеудің нәтижесінде жасап алған концепциям деп қабылдаймын. Егерде түр деген нәрсе тек класс немесе бір санат ретінде ғана пайда болатын түрлі жан-жануарлардың жіктелуі ретінде қабылданатын болса, онда әр жануардың жеке индивидуалдық мәртебесі деген түсінік зардап шегіп отырады. Егер де біз қандайда бір түрдің мүдделері мен құқықтары турасында әңгімелесетін болсақ, бұл жерде қайтадан түр мен жеке дара ағза туралы мәселелердің моральдік мәртебесі туралы көптеген сұрақ туындайды. Мысалы, келесі бір мүмкіндікті алып қарайық, оны Холмс Ролстон ұсынған болатын. Ол түр дегеніміз тірі тарихи форма немесе бір түрдің өсіп-өніп дамып отыратын жеке-жеке организмдердің динамикалық түрде дамуының көрінісін бізге ұсынатын сондай бір жіктеме деп түсіндіреді. Ал кейбір түрлер эволюцияның жеке-жеке бірліктері болғандықтан және олар уақыт пен кеңістікте өз алдына өмір сүргендіктен, олардың өз алдына жеке моральдық мәртебесі болуы керек дейді. Ролстонның айтуынша, түр дегеніміз – когерентті, яғни түрлі гендердің жиынтығының кодталған бір ағзалары арқылы танылатын түрлі қоршаған ортаға қарай бейімдеушілік қасиеттерінің жиынтығы ғана. Егер біз түр жайында осылай ойлайтын болсақ, онда, бәлкім, біз сіздің түрлерге қатысты жеке-жеке жан-жануарлар емес, жалпы өмір формалары жиынтығы ретіндегі біздің құқығымыз жайында әңгіме айту керек болатын шығар. Мұндай түрлер миллиондаған жылдарды



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жойылуға жақын тұрған түрлер

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

камтиды және онда өзгеше морфологиялық ішкі өзгешеліктеріне байланысты гендік жиынтықтар бар, яғни, осылайша біздің түр алдындағы міндеттеріміз олардың динамикалық континуумда, яғни, олардың айналымындағы тірі үдерістерге, осы ортадағы тіршілігіне байланысты қарастырылуы керек. Ал олардың жоғалып кетуі, жалпы, бұрыс нәрсе болып шығады, себебі біз олардың өмір тізбегінің үзіліп қалуының, олардың бірегей тарихының үзіліп қалуының куәгері болып қалып кетеміз және, Ролстонның жазуы бойынша, осы түрлердің алдындағы міндеттеріміз адамзат баласының жалпы ізгілік қасиеттерінің алдындағы борышына ұқсас болып келеді. Ролстонның идеясы жекелей бір түрдің алдындағы жауапкершілігіміз бүкіл адамзаттың алдындағы, оның ізгілікті ісінің алдындағы жауапкершілікке ұқсас болуы мүмкін. Яғни, бұл белгілі бір нақты идеяға адалдық сияқты. Әрине, Ролстонның идеясы және оның табиғатқа деген көзқарастары, оны түсіндіруге деген аргументтері ішкі қарама қарсылықтарға толы болуы мүмкін, дегенмен, оның көтеріп отырған сұрақтары біздің түр және жеке дара ағзаға байланысты көзқарастарымызды дамытуға көмектеседі. Жануарлардың құқықтарына қолдау көрсететін түрлі тұлғалар жеке-жеке жануарлардың өз мәртебесі бар ма, әлде олардың түрлерінің мәртебесі бірінші кезекте болуы керек пе деген сұрақты алға тартып отыр. Олардың кейбірінің пікірінше, түрдің мүдделері жоғары тұруы керек. Мысалы, белгілі бір бұғылардың популяциясына қауіп төніп тұр дейік. Егер де олардың саны тым артып кетіп, жейтін жемінен олардың саны артып кететін болса, олар аштықтан өледі. Осындай жағдайларда шенеуніктер табиғатта осы түрді аман алып қалу үшін оларды аулауға рұқсат етеді. Әрине, бұл шара осы жануарларды аман алып қалу үшін жасалады деп есептеледі.

Экофашизм

Дегенмен, осы көзқарасқа қарсы сыншылар “Біз бір түрді аман алып қалу үшін жекелей жануарларды өлтіруге хақымыз жоқ” дейді. Яғни, жануарлардың құқығын қорғаушылар мұндай амалды экофашизммен салыстырып жатады. Жалпы бір түрді аман алып қалу үшін оның жекелей мүшелерін өлтіру - зұлым және орынсыз әрекет деп санайды. Бұл экофашизм идеясын танымал экологиялық қайраткер Том Риган көп көтерді. Оның айтуынша, популяцияны реттеу үшін біз осындай фашистік үкіметтің саясатына жүгінбеуіміз қажет. Яғни, кезінде нацистік Германия адамдардың генофондын жақсарту үшін оның ішіндегі кейбір халықтарды өлтіру заңды дейтін болса, дәл шенеуніктердің бұғыларға қарсы шарасы да осыларға ұқсас дейді. Жалпы, жекелей жан-жануарлардың құқықтары бар дейтін болсақ, онда біз осы жан-жануарлардың бір түрін аман алып қалу үшін олардың осы құқығын бұзуға тиіспіз бе? Жануарлардың құқықтарына байланысты этикалық мәселелер біздің күнделікті өмірімізде өте көп кездесіп отырады, біз, бәлкім, оны байқамауымыз да мүмкін. Мысалы, біз күніне үш рет қандай жан-жануарлардың етін жейтінімізге байланысты мәселерге тап болуымыз мүмкін. Және біз мұндайда таңдау жасаймыз. Сонымен бірге өзіміз пайдаланатын кейбір тұтынушылық тауарлардың, яғни, опа-далап болсын, май жақпалары болсын, олардың жан-жануарлардың үстінен эксперимент жүргізу арқылы сынақтан өткенін білеміз. Сонымен қатар біз кей кездері зообақтарға, цирктерге немесе жан-жануарлардың көмегімен ұйымдастырылатын түрлі іс-шараларға қатысуымыз мүмкін. Біздің кейбіріміз үйде үй жан-жануарларын ұстаймыз, кейбіріміз жан-жануарларды азық ету үшін немесе белгілі бір коммерциялық мақсатта өсіріп, оның шаруашылықтарымен айналысамыз. Жалпы, АҚШ құқықтық жүйесі жан-жануарларға қатысты адамдардың қабылдайтын шараларына байланысты өте көп шектеулер қойып, бұл мәселені заңды түрде реттеуге тырысады. Әрине, біздің елде бұл жағынан қалыс қалып отырған шығармыз, дегенмен, бұл мәселені ысырып тастауға болмайтынына бәріміздің көзіміз жетіп отыр. Мысалы, сіз жаңбыр жауып тұрған күні алдыңыздан мысықтың кішкентай ғана марғауы жатса немесе иттің кішкене ғана күшігі жатса, сіз қалай әрекет етесіз? Сіз оның қасынан өте шығатын болсаңыз, сіз ол жануарға өте үлкен қауіп төніп тұрғанын білесіз. Сіз өтіп кетіп, оны өз алдына өз еркіне жібере салуыңыз мүмкін. Дегенмен сіздің адамгершілік ішкі түрткілеріңіз, сіздің сезімдеріңіз оған қамқорлық жасауға сізді итермелеуі мүмкін. АҚШ-та осы мәлесеге байланысты адамның жасайтын іс-әрекеттеріне белгілі бір заң жүзіндегі реттеу шаралары бар, яғни, адамның жан-жануарларға қатысты бей-жай әрекет етпеуге, бей-жайлық танытпауға, оның қасынан өте шықпауға байланысты Америка заңдарында нақты-нақты нұсқаулықтар берілген. Ал біздің елде біз қазір көбінесе жаңалықтардан браконьерлікке байланысты аң аулауға, балық аулауға байланысты көптеген жан-жануарлардың зардап шегіп отырғанын естіп отырамыз. Дегенмен, біздің қоғамда, әлде де болса, бұл мәселеге байланысты көп іс-әрекеттер қолданылмайды және заң жүзінде көп құжаттарда нақты-нақты жағдайларда қандай шара қабылдауға байланысты нұсқаулықтар жоқ, өкінішке орай. Біз антропоцентрилік болсын, экоцентрилік немесе биоцентрилік болсын ұстанымды, тіпті, бейсаналы



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жойылуға жақын тұрған түрлер

Дәріс атворы: Ақмарал Байдлаева

түрде соның ережелерін ұстанып отырғанымызға қарамастан, жалпы, әрдайым өзіміздің адамгершілік қасиетімізден арылмауымызды, оны жоғалтпауымызды бірінші кезектегі мәселе ретінде қарастырып отыруымыз керек сияқты. Яғни, біз өзіміз де осы табиғаттың бөлігі ретінде айналамызды қоршап отырған экожүйенің бір бөлігі, құрамдасы ретінде жан-жануарлардың проблемаларына, олардың жоғалып кетуіне немесе зардап шегуіне байланысты бей-жай болмауымыз керек сияқты. Бұл - біздің адам ретінде осы экожүйенің мүшесі ретінде қаншалықты тиімді, қолайлы іс-әрекет жасайтынымызды айқындайтын нәрселер.

Құрметті студенттер, біздің көтерген мәселелеріміз жалпы біздің күнделікті өмірде жиі тап болып отыратын сұрақтарға байланысты кейбір ой толғаныстарды жеткізеді. Мен сіздердің осы сұрақтарға байланысты әрі қарай ізденіс жасап, оны зерттеуге тырысатыныңға сенемін. Назар қойып тыңдағандарыңызға рахмет! Сау болыңыздар!

Ұсынылатын әдебиет тізімі:

1. Peter Steinhart, *The Company of Wolves* (New York: Random House, 1996), Chapter 7.
2. “The Killing Agency: Wildlife Services’ Brutal Methods Leave a Trail of Animal Death,” *Sacramento Bee*, April 29, 2012, accessed May 15, 2016, <http://www.sacbee.com/news/investigations/wildlife-investigation/article2574599.html>
3. Christopher Ketcham, “The Rogue Agency,” *Harper’s Magazine*, March 2016, accessed March 28, 2016, <https://harpers.org/archive/2016/03/the-rogue-agency/>
4. Jim Posewitz, *Beyond Fair Chase* (Guilford, CT: Globe Pequot, 1994).
5. Mohandas K. Gandhi, *An Autobiography: The Story of My Experiments With Truth* (Boston, MA: Beacon Press, 1993).
6. Michael Martin, “A Critique of Moral Vegetarianism,” *Reason Papers* No. 3 (Fall 1976).
7. Erik Marcus, *Meat Market: Animals Ethics, and Money* (Boston, MA: Brio Press, 2005).
8. See Peter Singer and Jim Mason, *The Ethics of What We Eat: Why Our Food Choices Matter* (New York: Rodale, 2006).
9. James Rachels, “Vegetarianism and ‘the Other Weight Problem,’” in *World Hunger and Moral Obligation*, eds. William Aiken and Hugh LaFollette (Englewood Cliffs, NJ: Prentice Hall, 1977).
10. See Carol J. Adams, *The Sexual Politics of Meat: A Feminist-Vegetarian Critical Theory* (New York: Continuum, 1990) or Josephine Donovan and Carol J. Adams, eds., *The Feminist Care Tradition in Animal Ethics: A Reader* (New York: Columbia University Press, 2007).
11. Jerod M. Loeb, William R. Hendee, Steven J. Smith, and M. Roy Schwarz, “Human vs. Animal Rights: in Defense of Animal Research,” *Journal of the American Medical Association* 262, No. 19 (November 17, 1989).
12. John F. Lauerman, “Animal Research,” *Harvard Magazine* (January–February 1999).
13. C. Ray Greek and Jane Swingle Greek, *Sacred Cows and Golden Geese: The Human Cost of Experiments on Animals* (London: Continuum, 2001).

Глоссарий

Жануарлардың құқықтары – әр жануардың өз тіршілігін сақтауға мүдделі, азапталмауға және өлтірілмеуге құқы бар екенін білдіретін идея (Реганның есіміне байланысты); сондай-ақ қараңыз: жануарлардың амандығы.

Жануарлардың амандығы – жануарларға зардап келтірмеу маңызды мәселе екенін және себепсіз зиян шектірмеу керек екенін білдіретін идея (утилитаризм мен Сингердің есімімен байланысты); сондай-ақ қараңыз: жануарлардың құқығы.

Адал қуу – аңшылық этикасындағы идея, оған сай аңның аман қалуына белгілі бір мүмкіндігі болуы тиіс, ал аңшыдан белгілі бір шеберлік пен ептілік талап етіледі.

Вегетарианизм – етті тұтынудан бас тарту міндеттемесі, соның ішінде вегандық, яғни жұмыртқа, сүт және тері сияқты жануарлардан алынатын кез келген өнімді тұтынудан бас тарту.

Экожүйе – қоршаған орта этикасында оны өсімдіктерді, жануарларды және адамдарды қоса алғанда кеңінен біріктірілген, үйлестірілген және ұйымдасқан тұтастық ретінде қарастыратын тұжырымдама.

Қоршаған орта этикасы – экожүйелердің, табиғи қоршаған ортаның құндылығы, сондай-ақ қоршаған ортаға қатысты пайда мен зиянды үлестіру туралы мәселелерді этикалық зерттеу саласы.

Экологиялық әділдік – қоршаған ортаға ластау сияқты әсер етуге байланысты адамдар арасында пайда



Кітап: Этика: теориясы мен қазіргі мәселелері

Дәріс: Жойылуға жақын тұрған түрлер

Дәріс атторы: Ақмарал Байдлаева

мен зиянды әділ үлестіруге бағытталған экологиялық этика мәселесі (үлестіру әділдігі мен әлеуметтік әділдікке қатысты).